

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
02.02.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 02.02.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлына беріледі.

БРЕКЕШЕВ С.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын ұсынып отырмыз.

Өз кезегінде ол «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес әзірлеген.

Келісім Еуразиялық экономикалық одақ аясында жасалған халықаралық шарт болып табылады және үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеудің бірыңғай шараларын қолдануын көздейді.

Қазақстанда қауіпті қалдықтарды әкелу, әкету және транзитін реттеу Базель конвенциясы және Экология кодексінің негізінде жүргізілуде.

Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге қатысты лицензиялық тәртіп қолданылып, лицензия беруді министрлік рұқсат етілген тауарлар тізбесін басшылыққа ала отырып 2019 жылдан бастаған.

Жеке тұлғаларға қалдықтарды трансшекаралық өткізуіне тыйым салынады.

Келісім Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттері арасында қауіпті қалдықтарды өткізудің бірыңғай тәртібін белгілеп, қауіпті қалдықтарды экологиялық технологияларға сай жоюға және қайта өңдеуге, қоршаған ортаны сақтауға септігін тигізетіні сөзсіз.

Осылайша, осы келісімге және тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес қауіпті қалдықтардың трансшекаралық бақылауын күшейтіп, көму және залалсыздандыру үшін трансшекаралық тасымалдауына жол бермейді.

Келісім теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Бұларов Ілияс Жүсіпұлына беріледі.

БҰЛАРОВ І.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Келісімнің 5-бабына сәйкес мүше мемлекеттер заңнамаға сәйкес қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады.

Елімізде қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізуін бақылау мен қадағалауды кім және қалай жүзеге асыратынын айтыңызшы. Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Министрлік қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдаудың мемлекеттік экологиялық бақылауын жүзеге асырады. Тасымалдауды бақылауды Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті атқарады. Ал қауіпті қалдықтардың заңсыз айналымы анықталса, ол сұрақ прокуратура органдарының құзырына өтеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Набиев Вакиль Гусейновичке беріледі.

НАБИЕВ В.Г. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Сериккали Амангалиевич! Все стороны рассматриваемого соглашения являются участниками Базельской конвенции о контроле за трансграничной перевозкой опасных отходов и их удалением, которая является базовой по определению принципа выполнения международных обязательств в этой области.

В соответствии со статьей 6 Базельской конвенции любая трансграничная перевозка опасных или других отходов покрывается страхованием, залогом или иной гарантией по требованию государства импорта или государства транзита.

Вместе с тем в рассматриваемом соглашении вопросы страхования, залога или иных гарантий не оговариваются.

В связи с этим поясните, пожалуйста, каким образом будут решаться данные вопросы в случае возникновения аварий?

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопрос.

Вообще базовый принцип нового Экологического кодекса – это «загрязнитель платит». Иными словами, лицо или организация, осуществляющие трансграничное перемещение отходов, несут все расходы за какие-либо форс-мажорные обстоятельства. В случае аварии предприниматель в полном объеме и за свой счет осуществляет ремедиацию компонентов природной среды. В случае невыполнения данных условий последует административная, уголовная либо гражданско-правовая ответственность. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызына беріледі.

НҰРЫМОВА Г.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемый Сериккали Амангалиевич! Статьей 9 соглашения предусмотрено, что порядок реализации мероприятий по предотвращению и

устранению аварийных ситуаций, возмещению ущерба, причиненного здоровью человека и окружающей среде, определяется законодательством государств-членов.

В этой связи поясните, пожалуйста, разработан ли у нас порядок по предотвращению и устранению аварийных ситуаций и возмещению ущерба?

В частности, каким образом будет осуществляться взаимодействие перевозчика с Вашим министерством, Министерством по чрезвычайным ситуациям и местными исполнительными органами в случае возникновения аварии? Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопросы.

Как я до этого ответил на вопрос, согласно Экологическому кодексу во главу ставится принцип «загрязнитель платит». В аварийном случае со стороны государства создается межведомственная комиссия, в состав которой входят представители нашего министерства, Министерства по чрезвычайным ситуациям, санитарно-эпидемиологической службы, а также общественных объединений. Все это создается для минимизации ущерба окружающей среде.

В зависимости от характера чрезвычайного положения и его локализации создается республиканская либо региональная межведомственная комиссия, чтобы взаимодействовать с государственными органами по ликвидации последствий данного чрезвычайного случая. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҮРҒАНОВ Д.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Осы келісімде және мүше мемлекеттердің қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізуге қатысты заңнамасында белгіленген талаптарды орындамау немесе тиісінше орындамау мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғатыны келісімнің 10-бабында көзделген.

Айтыңызшы, талаптарды орындамау немесе тиісінше орындамау фактілері анықталған жағдайда нақты қай мемлекеттің заңнамасына қолданылатын болады? Мысалы, ресейлік компания экологиялық құқық бұзушылық жасады, қауіпті қалдықтарды Қазақстан арқылы транзиттеу кезінде авариялық жағдай орын алды делік. Бұл жағдайда құқық бұзушыға Ресей заңнамасы қолданыла ма әлде Қазақстан заңнамасы қолданыла ма? Осы сұраққа жауап беріңізші.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Жағдай қай елде орын алса, сол елдің заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қолданылады. Егер бұл жағдай Қазақстан территориясында болса, онда біздің заңнамаға сәйкес реттеледі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Келесі сөз Ташқараев Ғани Әбдіғаниұлына беріледі.

ТАШҚАРАЕВ Ғ.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Келісімнің 5-бабында мүше мемлекеттерде қалдықтарды көму және (немесе) залалсыздандыру мақсатында оларды трансшекаралық өткізуге жол берілмейтіні белгіленген. Бұл дегеніміз, қалдықтарды әкелу және (немесе) әкету, оларды кәдеге жарату, кейіннен қайта өңдеу немесе қайталама шикізат ретінде пайдалану мақсатында жүзеге асырылатынын білдіреді.

Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізуге рұқсат беру тәртібі шеңберінде жүзеге асырылатындықтан, уәкілетті органда республика аумағына әкелінетін және аумақтан әкетілетін қауіпті қалдықтар туралы жеткілікті ақпарат болады деп ойлаймын.

Соңғы жылдары құндық және көлемдік мәнде қауіпті қалдықтардың экспорты мен импортының көлемі қандай екенін айтып берсеңіз.

Қандай елдер мұндай қалдықтарды импорттайды және экспорттайды, олардың мақсаты қандай? Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Қауіпті қалдықтар бүгінгі күнге дейін Қазақстанға әкелінген. Соңғы үш жылда 130 мың тонна қалдық шығарылып, 1,9 миллион тонна әкелінді. Қайта өңдеу және қауіпсіздікті жою үшін қалдықтар әкелген елдер – Ресей, Өзбекстан, ал экспортты Өзбекстан, Қырғызстан және Бельгия жүзеге асырды.

Төленген ақша жөнінде нақты ақпарат жоқ, өйткені ол Кәсіпкерлік кодекске сәйкес коммерциялық құпия болып табылады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Келесі сөз депутат Ақышев Самат Сағынбайұлына беріледі.

АҚЫШЕВ С.С. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Серикқали Аманғалиевич! По информации из открытых источников известно, что в период с 2018 по 2020 годы Вашим министерством выдавались разрешения как на вывоз, так и на ввоз в нашу страну опасных отходов, а также осуществлялся транзит по территории страны.

Скажите, пожалуйста, каким образом осуществлялось трансграничное перемещение опасных отходов? Ведь рассматриваемое соглашение по настоящее время Казахстаном не ратифицировано.

И еще. Имелись ли факты перемещения таких отходов без заключения? Спасибо.

БРЕКЕШЕВ А.С. Спасибо за вопросы.

До подписания данного соглашения все регулировалось как Базельской конвенцией, так и нормами Экологического кодекса, а также решением Коллегии ЕЭК о мерах нетарифного регулирования.

Сегодня фактов перемещения отходов без заключения, которое дает наше министерство, не имеется. У нас, в принципе, уже отработан алгоритм действий: таможенные службы в случае пересечения границы без разрешительных документов информируют наше министерство, а мы согласно этому алгоритму принимаем соответствующие меры по недопущению вывоза данных отходов через границу и возврату их на нашу территорию. Спасибо.

ТӨРАҒА. Келесі сөз Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Келісімнің 9-бабына сәйкес келісімде көрсетілмеген қалдықтарды трансшекаралық өткізу тәртібіне қойылатын талаптар мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалады.

Мүше мемлекеттерде келісімде ескертілген талаптардан басқа талаптар бар ма? Егер бар болса, олар өтініш берушінің назарына қалай жеткізіледі? Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Әрине, әр мемлекеттің құқығы бар, яғни ұлттық заңнаманың ерекшелігіне байланысты қосымша мәліметтер сұралуы мүмкін. Мысалы, біздің министрлік өтініш берушілерден экологиялық сараптаманы, экологиялық рұқсаттарын, қалдықтарды орналастыру нормативін, жобаларын, тағы басқаларын сұрай алады. Егер қажет болса, оған әр мемлекеттің құқығы бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Панченко Игорь Ивановичке беріледі.

ПАНЧЕНКО И.И. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Серикқали Аманғалиевич! В соответствии со статьей 2 соглашения на министерство возлагаются функции по предупреждению, выявлению и, самое главное, пресечению нарушения требований, установленных соглашением.

Были ли выявлены нарушения при трансграничном перемещении опасных отходов по таможенной территории ЕАЭС? Если да, то какие? Какие меры приняты Вашим ведомством по устранению этих нарушений? Спасибо.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопросы.

Как я до этого сказал, в принципе, на сегодняшний день таких фактов не зафиксировано. Более того, мы располагаем всем необходимым инструментарием для выявления нарушений и принятия соответствующих мер государственного контроля согласно новому Экологическому кодексу. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз Жанбыршин Еділ Терекбайұлына беріледі.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Өзіңіз жақсы білесіз, Каспий теңізі бұл трансшекаралық. Бізге Ақтау портына, Құрық портына Ираннан, Әзербайжаннан кемелер келеді. Бұл кемелердің бәрінде балластық лас су бар. Олар біздің территорияға кірген кезде өздерінің лас суын төгеді деген фактілер бар. Осыған байланысты Сіздің министрлік тарапынан бақылау қалай іске асырылады? Бақылай аласыздар ма? Бақылай алмайтын болсаңыздар, ол үшін не істеулеріңіз керек?

Екінші сұрақ. Бізде ақпарат бар, оны біз Сізге өткенде Самат Базарбайұлы екеуіміз кездескенде айтқанбыз. Біздегі «Rixos» деген қонақ үйдің кәріздік лас суы Қаракөл көлі арқылы Каспий теңізіне түсіп жатыр деген ақпарат бар. Сол жөнінде біз Сізге айтқанбыз. Оны сіздер анықтадыңыздар ма, шынында солай ма? Ол жерге келіп жатқан халық көп, шығып жатқан су көп.

Қаракөл ол біздегі ерекше қорғалатын көл болып есептеледі. Ол жерде Қызыл кітапқа кірген құстар мекендейді. Осы сұрақтарға жауап берсеңіз. Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

«Rixos» қонақ үй туралы айтатын болсақ, Сіз ақпарат бергеннен кейін ол жерге жергілікті Экология департаментінің өкілдерін тексеруге жібердік. Қазір тексеріс жүріп жатыр. Тексеріс әлі біткен жоқ. Тексеріс біткеннен кейін қорытындысын береміз.

Рұқсат болса, бірінші сұраққа мен Сізге бүгін кешке дейін жазбаша түрде нақты ақпарат берейін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жазбаша ақпаратты күтеміз бе? Жақсы.

Жаңбыршиннің микрофонын қосыңыздар.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Жазбаша ақпараттан бұрын біз Сіздің ой-пікіріңізді білгіміз келіп еді. Сіз Экология, геология және табиғи ресурстар министрсіз. Қазақстанда Каспий теңізі біреу және ол қалада өзіңіз тұрдыңыз. Өзіңіздің пікіріңіз қандай? Ол мәселе бойынша Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі жұмыс жасап жатыр ма? Бұл трансшекаралық мәселе.

БРЕКЕШЕВ С.А. Рақмет. Рұқсат болса, орыс тілінде жауап берейін.

Что касается Каспийского моря, то определенные мероприятия проводятся недропользователями, которые находятся в акватории Каспийского моря. В частности, компания «NOC» проводит мониторинг состояния как окружающей среды, так и водного бассейна. Эта работа проводится на постоянной основе.

Кроме этого, нашим республиканским государственным предприятием «Казгидромет» также на постоянной основе проводится мониторинг состояния водной среды, донных отложений и так далее.

Эта работа ведется. В случае, если такие аварийные ситуации загрязнения имеют место быть, то принимаются соответствующие меры.

Как вы помните, в прошлом году были ратифицированы соглашения и по наземным источникам выбросов, которые находятся в акватории Каспийского моря. Согласно этим соглашениям между пятью странами такая работа проводится на постоянной основе, она регулируется именно этим соглашением. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Жаңағы көтерілген екі мәселеге, яғни тексерістің қорытындысы бойынша ақпаратты депутаттың сұрауына сәйкес жазбаша беріңіз және екінші мәселеге де, қажет болса, жазбаша жауабыңызды беріңіз.

БРЕКЕШЕВ С.А. Жақсы.

ТӨРАҒА. Келесі сөз Мұсабаев Самат Базарбайұлына беріледі.

МҰСАБАЕВ С.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым бүгінгі қаралып жатқан келісімге қатысы жоқ, бірақ қоғамның, елдің күтіп отырған мәселесіне байланысты.

Құрметті әріптестер, өздеріңіз жақсы білесіздер, 11 қаңтарда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы Парламентте жасаған баяндамасында утильсбор жөнінде айтқан болатын. Одан бері жиырма екі күн өтті, бірақ министрлік тарапынан әлі ешқандай бір нәтижелі жұмыс

көрінбейді. Қоғам, халық соны сұрауда. Осы утильсбор жөнінде министрліктің позициясы қандай? Соны айтып кетсеңіз. Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

По утильсбору. Во-первых, принято постановление Правительства по передаче функций по регулированию утильсбора в «Жасыл даму». ТОО «Оператор РОП» прекратило свое существование. Все активы, денежные средства банков второго уровня сейчас полностью переданы в акционерное общество «Жасыл даму». 100-процентным акционером в этом обществе является государство. Работа на сегодняшний день по пересмотру ставок утильсбора продолжается. Я сам лично проводил уже три-четыре заседания рабочей группы по автотранспортным средствам, сельхозтехнике, кабельно-проводниковой продукции, упаковке и так далее.

На сегодняшний день принято решение по кабельно-проводниковой продукции, что ставка утильсбора будет нулевой. Сначала мы планировали просто передвинуть дату приема платежей по кабельно-проводниковой продукции до 1 января 2023 года, но потом принято решение о том, что нулевая ставка утильплатежа по КПП будет бессрочной. То есть утильсбор за КПП платиться не будет.

По автомобилям и сельхозтехнике Министерство индустрии и инфраструктурного развития должно нам представить свои расчеты и коэффициенты по этим ставкам согласно методике расчетов, которые мы утвердим после согласования с общественностью.

На сегодняшний день акционерное общество «Жасыл даму» (расширенные обязательства производителей) уже полностью функционирует. Вы прекрасно знаете, сейчас идут следственные мероприятия, до этого была выемка документации и серверов, сейчас эти серверы подключены. Буквально в субботу-воскресенье наши специалисты поработали, с понедельника все полностью функционирует в прежнем режиме, утильплатежи принимаются.

На сегодняшний день в нашем министерстве создана комиссия из представителей юридического блока, департаментов цифровых технологий, бюджетного планирования, которые сейчас непосредственно работают и рассматривают все приходы и расходы денежных средств согласно деятельности «Оператора РОП».

На сегодня, я до этого уже говорил на всех площадках, что на счетах банков второго уровня, которые уже переданы в «Жасыл даму», находится порядка 220 миллиардов тенге. Часть денег лежит в национальной валюте, часть – в долларах.

Поэтому работа проводится. Я думаю, в ближайшее время мы утвердим ставки по утилизационному сбору на автомобили и сельскохозяйственную технику. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз Саиров Ерлан Бияхметұлына беріледі.

САИРОВ Е.Б. Құрметті министр мырза! Шынын айту керек, аталған мәселе бойынша Сіздің жауаптарыңыз менің көңілімнен шықпады.

Менің Сізге нақты сұрағым бар.

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қытай мен Қазақстанның арасындағы кеден бойынша 5 миллиард доллардан астам айырмашылық бар деді. Қауіпті қалдықтар – это товары двойного назначения. Они очень негативно могут влиять на степень национальной безопасности нашей страны.

Сондықтан қоғаммен бірге осы мәселені шешудің тетіктерін қарастыру керек.

Жаңа Сіз қауіпті қалдықтарды Қазақстан арқылы өткізу жөнінде комиссия бар деп айттыңыз.

Бірінші. Сол комиссияның мүшелері кімдер?

Екінші. Ол комиссияның құрамында азаматтық қоғамның өкілдері бар ма?

Үшінші. Ол комиссияның құзыреті қандай? Және ол комиссияның шешімдері қай жерде, қандай мемлекеттік сайтта шығады?

Осы сұрақтарға нақты жауап беріңізші. Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрақтарыңызға рақмет.

Комиссия жөнінде. Это межведомственная комиссия. Межведомственная комиссия создается только в случае аварийной ситуации и для ликвидации последствий таких аварийных ситуаций. Я до этого говорил, что межведомственная комиссия в зависимости от чрезвычайной ситуации создается как на республиканском уровне, так и на региональном. Туда входят и представители общественности, и представители центральных государственных органов – нашего министерства, Министерства по чрезвычайным ситуациям и санитарно-эпидемиологической службы.

Сама эта комиссия создается для того, чтобы снизить влияние данной чрезвычайной ситуации и минимизировать ущерб от нее. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, осымен сұрақ беру рәсімін аяқтаймыз.

Серікқали Аманғалиұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Ахметов Мәди Абылайұлына беріледі.

АХМЕТОВ М.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті депутаттар! Ратификациялауға ұсынылған келісімде мүше мемлекеттердің өзара саудасын жүзеге асыру кезінде үшінші елдермен Еуразиялық экономикалық одақ кедендік аумағы арқылы саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізуге байланысты қатынастар реттеледі.

Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға рұқсат беру тәртібін қамтамасыз етуге бағытталған.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы Қауіпті қалдықтарды өткізу трансшекаралық тасымалдауды және оларды шығаруды бақылау туралы 1989 жылғы Базель конвенциясының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Заң жобасын жұмыс тобында қарау барысында депутаттар қауіпті немесе басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды сақтандыру, оның кепілдіктері, қалдықтар қайтарылған немесе жойылған жағдайда шығындарды өтеу туралы мәселелерді, сондай-ақ төтенше жағдайларды болғызбау және жою, адам денсаулығы мен қоршаған ортаға келтірілген нұқсанды өтеу бойынша және басқа да сұрақтарды көтерді.

Ратификацияланатын келісімнің Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы шегінде мүше мемлекеттердің қауіпті қалдықтарды әкелуін және әкетуін реттеуде маңызды мәні бар екенін атап өткім келеді.

Заң жобасының негізгі бағыттары жөнінде Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Аманғалиұлы Брекешев жаңа ғана өз баяндамасында атап өтті.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы бойынша мүдделі министрліктер мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының және бас комитеттің кеңейтілген отырыстары өткізілді.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері оң қорытындыларын берді.

Осыған байланысты аталған заң жобасын қолдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына қарауға жіберуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Вопросы перемещения, утилизации, удаления опасных отходов всегда беспокоили общество и поэтому принятие данного законопроекта, несомненно, является закономерным, своевременным и обоснованным, так как Соглашение о трансграничном перемещении опасных отходов на территории Евразийского союза разработано в соответствии со всеми международными и национальными действующими нормами.

Сегодня уже отмечалось о том, что после принятия законопроекта по ратификации соглашения будет обеспечен единый порядок трансграничного перемещения.

Хотелось бы обратить внимание на то, что кроме разрешительного порядка при трансграничной перевозке будет задействован механизм обмена информации по выявленным нарушениям при трансграничном перемещении опасных отходов.

Также я хотела бы обратить внимание, что ратификация позволяет регулировать отношение между странами – членами Евразийского экономического союза и третьими странами при осуществлении трансграничного перемещения. То есть весь процесс трансграничных перевозок опасных отходов становится прозрачным, потому что он будет

контролироваться заявлениями единого порядка и особым компетентным органом в соответствии с требованиями Евразийской экономической комиссии.

В связи с тем, что ратификация соглашения для Казахстана не повлечет негативных социально-экономических или правовых последствий, а также не потребует дополнительных финансовых средств из республиканского бюджета, уважаемые коллеги, прошу вас данный законопроект поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жіберу. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 93, «қарсылар», «қалыс қалғандар» – жоқ. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 93, «қарсылар», «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.



*Дурыс: Құжаттамалық қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майф Н. Шайбағар.*